

ТӨМТИ
ИБРАГИМОВА

УЗГ/СХУ/ +
4 15

ЖАС ҚАЗАҢ



«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ
А л м а т ы — 1979

✓

**ЫСҚАҚ
УӘЛИЕВ**



Егер ойлап карасак, биздің бүгінгі күніміздің өткенмен өзектесіп жатқандай біз — адамдарда тіпті жүз таныс болмасақ та бір-бірімізбен көрінбейтін құдіретті байланыста екендігімізді сезінеміз.

«Білімді адамның ерекшелігі сол — ол өзінің өткенін жақсы біледі және қатты құрметтей алады», — деген сөздің шындығы осылайша алдымыздан шыға келеді.

Мен, еске алуға тұрарлық тағы бір тағдыр туралы айтуды парыз санаймын.

Ысқақ Уалиев кедей шаруаның семьясында, 1903 жылы дүниеге келген екен. Туған жері — Батыс Қазақстан облысы, Қазталовка ауданы. Қазіргі «Интернационал» совхозы.

Сөйтіп, ол да түтіні шудалана көтеріліп, сиыры мөніреп жататын қазақ аулында туды. Бала көңіл алғаш әр нәрсеге еліктей келе белгілі бір нәрсеге ерекше ден қояры белгілі. Соған беріліп, соның жолында шарқ ұрып іздініп, еңбектеніп, ақыры дегеніне жетеді, ізін қалдырады. Кейінгіге өмір жолын жазып, ескерткіш етеді. Ысқақтың да сазды әуенге ықыласы ерте ауып, оған деген жүрек оты бала күннен тұтанған еді. Бірақ қабырғасы қатпай-ақ жоқшылық дегеннің не екенін өз басынан өткеріп, тіршілік тауқыметін тартып өскен жасқа ол көптеген қиындықтар келтіреді.

Ес біле ол да, барша балалардай үлкендерден батырлық жайлы неше алуан аңыз-ертегілерді қызыға, құмарта тыңдайтын. Солардың ішінде айтулы Алпамыс жырын ерекше ұнататын. Қанша рет тыңдаса да жалықпайтын. Алпамыстай күшті болсам, батыр болсам деп қиялдайды, армандайды. Естіген ертегілердегі тазша бала, жетім бала, түгі

жок кедей бала — қандай ақылды, қандай тапқыр, неткен өнерлі балалар еді шетінен деп, қайран қалатын. Бұл да жетім, тіпті, тұлдыр жетім, әкесі де шешесі де жоқ. Бай малының соңынан ертеден кара кешке дейін бір тыным көрмей салпақтап жүреді. Үстіне киген киімдерінде сау тамтық жоқ. Ал бай үйінен ысқашан бүйірі шығып ас ішкен емес. Сонда мен де өлгілердей ақылды болар ма екем? Асқан өнерлі боп бір күні мен де бақытыма жетер ме екем?! Шіркін, бәрінен бұрын Алпамыстай батыр болсам ғой! Онда, Қамысбайдың есігінде бүйтіп бір күн де жүрмес едім. Алпамыс зынданда жатып сырнай жасап, ақыры осы өнерімен сүйген қызы Гүлбаршынға қосылып, мұратына жетті-ау. Мен де, сол сияқты өнерлі болсам ғой! Онда, Қамысбайға бір күн де малшы боп, жалшылықта жүрмес едім...

Ысқақ сыр бағып, тоғай ішінде ұзақ күн жүргенде қамыстан кесіп, сырнай жасауды үйренді. Жапанда, мал өрісінде жапаннан-жалғыз жүріп сол сырнайымен неше құбылтып үн шығаруды үйренді. Кей-куат қалай тартты екен? Қандай әнді тартты екен? Бұл да солай тартуға бар ынтасымен тырысады. Бір күндері оның сырнайының үніне бағып жүрген табын сырлары құлақ түретіндей көрінеді. Бұрынғыдай сона тиіп оқалақтап, қайтару бермей княндамайды. Төңіректі айналсоқтап, алысқа ұзамай жайылады. Бір күндері оның сырнайының үніне айналадан пырылдап ұшар құстар да, сыбыр қағып желмен тербелер қамыстар да құлақ салып тыңдайтындай көрінді. Алайда тып-тыныш мүлгіп, тек ол тартқан сырнай үні естіліп тұрғандай көрінді. Ол үн мына жас баланың еркіндікті аңсаған, бақытты өмір тілеген, жақсылыққа жетсем деген арман-мұратын айтатып, әндететін. Оны айнала жүрген жан-жануарлар да, өсімдіктер де, жәндіктер де — бәрі-бәрі ұйып тыңдап, тоқтама, сызылта түс дегендей көрінетін...

Ақыры, сол бала сырнай сазына қосылып, сағына күткен арман таны да атты. Ол таң — Ұлы Октябрь Революциясының арайлы таны еді. Ал бұл кезде Ысқақ оң-солын енді тани бастаған балғын жас болатын.

Сөйтіп, Ысқақ Октябрь революциясының дүниеге — өзгерместей, сетінеместей көрінген жым-жырт өлкеге не әкелгенін, қалай жаңғырықтырып өткенін өз көзімен көрді. Жаңа өмір, алдымен өзі тәрізді аш-жалаңаштарды жиып-теріп алды да қолдарына әліппе беріп, қалам ұстатты. Ол, тек әріп танып қана қоймайды. Айналадағыны, жаңалық үстіне жаңалық әкеліп жатқан жаңа өмірді тани бастайды. Жаңа тынысты революция шыңдығын ұғынып, сауаты жетіле түсті. Қызыл коммундадағы әрбір күн оның, ол сияқты мыңдағандардың ойлары мен бойларына адалдық, қайсарлық, болашаққа сенушілік секілді революциялық рухани қасиеттерді шым-шымдап сіңіре берді.

Ысқақ алғаш ұйымдасқан жастар Одағына мүше боп кірді. Сөйтіп, сол кездегі қызу істердің қай-қайсына да қатарымен бірге белсене араласты. Оның жүрген жері қашан да комсомолдық істердің ұйтқысы болды. Ол жүрген жер қашан да көңілді, ән-күйлі болушы еді. Домбыра да, сырнай да, сыбызғы да оның саусағына тисе сөйлеп кете баратын. Әсіресе, сызылта сыбызғы тартқанын айтаңызшы. Жұмыстан соң

жастардың басын қосып, думандатып, дуылдатып көңіл сергітуге себепші бол жүретін.

Октябрь таңы шынында да, оның арман таңы болып атты. Ол жасынан-ақ бойына сіңіп, өнерге ұмтылған талабына қанат байлады. Өмірбаяны жаңаша қалыптасты. Өнерін ұштап, айтулы сыбызғышы атанды. Ол қасиетті бабалар мұра еткен осынау сиқырлы аспаппен Құрманғазы, Сейтек, Соқыр Есжан күйлерін ғана емес, мына бақытты таңды, қуанышты күнді әндетті, әуендетті.

Міне, осыдан бастап-ақ Ысқақ көзін ашып, көкірегін көркейткен жаңа өмірге лайық болуға тырысты. Лайық болды да.

Оның туған аулынан жан-жаққа сан торап жолдар таралушы еді. Ол соның біріне түсіп, өзі тандаған өмір жолын одан әрі жалғастырды. Ол жол — өнер жолы еді. 1934 жылы жергілікті көркемөнерпаздардың талантты өкілдерінен іріктеп, ұлт-аспаптарының оркестрін құру жөніндегі үкіметіміз бен партиямыздың арнайы қаулысына орай, Ысқақ көптеген өнер адамдарымен бірге ауылдан астанамыз Алматыға арнайы шақыртылды. Сөйтіп, сол кезде жаңа ұйымдасқан, қазіргі Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестріне мүше болып қабылданды. Сол жылдан бастап ол халқының рухани өміріне хал-қадірінше аянбай еңбек етті. Қазақтың ұлт-аспаптар оркестріндегі оның орны бөлекше еді. Оның өнерге деген талантын тыңдаушы қауым әр кез сүйсіне әнгімелеп жүретін. Сирек талант сыбызғышы екендігін айтатын.

Бірақ Ысқақтың өнерін жетілдіру, талабын шыңдау арманы 1941 жылы күрт үзілді. Жүрегін жалау, көкірігін қалқан етіп ортақ жауға көппен бірге аттанды. Ол күндерді кім болса да қиналмай, толғанбай еске алуы мүмкін емес қой.

1943 жыл. Январь. Соғыстың ең қызған шағы. Майдан далаларының бірі. Алғаш екі жақтың күші тең түскендей еді. Бірақ тез қимылдап шапшандық көрсеткен совет жауынгерлері әп-сәтте-ақ алғы шептен жарып шықты. Жау қорғанысын бұзып өтіп, гитлершілерді қирата таптады. Жаңа ғана ұрыс болған жерде жанған орман, қираған танктер мен сұлаған еліктер жатты. Ысқақ бастаған автоматшылар тобы осы жолы зор жеңіске жетті. Соғыс даласындағы олардың төккен тері, көрсеткен ерлігі зая кеткен жоқ. Біздің әскерді алға жылжитты. Осы жолғы ерлігі үшін қызыл жауынгер Ысқақ Уалиев Отанымыздың «Қызыл ту» орденімен наградталды. Осы тұста Ысқақтың семьясы мен туған-туысқандарына «Отан үшін» газеті редакторынан алғыс хат келді. Хатта мынадай жан сүйсінерлік жолдар бар болатын:

«Ысқақ Уалиев — біздің ротадағы ең үлгілі жауынгерлердің бірі. Ол өзінің ісімен, ерлігімен көзге түсіп жүр. Біздің ротада мергендігі жөнінен ол алдына жан салмайды. Кезекті бір ұрыста Ысқақтың жалғыз өзі жаудың елуден астам солдаты мен офицерінің көзін жойды. Оның бұл ерлігін отандастары — біздер мақтаныш етіп, Сіздер саналы тәрбие берген азамат, алда да ерлік жасай береді деп сенеміз».

Мұндай алғыс соғыстың алғашқы күнінен бастап, оның өмірінің соңғы сәтіне дейін талай рет айтылды. «Өліспей беріспейміз!» — деген анты Ысқақтың өмірінің берік байламы болды.

1944 жылдың қақаған қысы. Ақпанның аязы бет қаратпайды. Алғашқы жылдардағыдай емес, фашистердің арышы басылып, шыққан ініне кейін шегініп бара жатқан кезі. Бірақ жан беру оңай ма? Олар да жанталаса атысып, арпалысып бағады. Қанға бөккен қара жер қайғыдан белі қайысқандай. Ысқақ бастаған автоматшылар тобы жаудың бір мықты бекінісіне тап болған еді. Бұдан бұрын батальонның саяси жетекшісі жауынгерлерге бір әңгімеде бұл түс Николай Островскийдің туған жері екендігін айтқан болатын. Бұл әңгіме есінде бар жауынгерлер жан аямай айқасқа шықты:

— Қорчагин үшін!

— Қорчагинге тән ерлік етеміз! — деген үндер әр жерден естіліп жатты. Осы дауылпаз жазушы туған қаланы қорғау жолында көптеген азаматтар үкімет наградаларына ие болды. Ысқақ осы жолы бір өзі 72 немісті жайратқаны үшін екінші рет «Қызыл ту» орденін алды. Қорчагин рухына ұласқан ерлік ұраны — ұлы жазушы туып-өскен қаланы жау қолынан азат етті. Бірақ осы жорықта талай боздақтар Қорчагинге лайық ерлік көрсетіп, көз жұмды.

Солардың бірі — Ысқақ еді...

Мен Жеңіс күні қарсаңындағы бір кеште Ысқақтың ең жақсы көретін ұлы Мәлікпен әңгімелесіп отырдым. Біздің сөзімізді кенет, радиокабылдағыштан шалқи жөнелген ән әуені үзді. Оған елсеп етіп, ынтыға құлақ түрген ол ән аяқталғаннан кейін де, біразға дейін терең ойда отырды. Біршама үнсіз үзілістен кейін барып, «Мен сенің өміріңнің жалғасымын...» деген әп сөзін жайлап қайталады да, баяу күрсініп алды. Соған соң барып, әңгімесін сабақтады:

— Осы бір әнді естіген сайын тұңғыш ойға батамын. Көз алдыма еміс-еміс қалған әке бейнесі слестейді. Ойыма «Әке» деген аяулы сөз оралады. Осы бір қастерлі сөз қаншылықты аяулы болғанымен менің көңіліме соншалықты қаяу түсіретіндей, сары жұрттай сарғайып артта қалған сонау бір жылдардың қалдырған ізіне түсіп, сағынып сазына берілем. Осының бәрі «Әке» деген құдіретті сөзді айта алмай өскендіктен болар, бәлкім. Иә, мен «Әке» деген ардақты сөзді айта алмай өстім. Бірақ мен ғана ма өкем...

Міне, осындай өзекті өртеп, өкінішпен өткен өмірімізге кінәлі кешегі Отан соғысы болды ғой.

Әлі есімде, 1944 жылдың көктемі жаңа келіп жеткен кез. Күн күліп, жер жібіп, осы кезде майдандағы ағалар күн сайын жеңіске жетіп, ауылдағы біздердің көңіліміз одан сайын жадырап келеді. Әсіресе, балалар мәзбіз. Біртіндеп жаралы боп, жарамсыз боп соғыстан қайтқан әкелерді қарсы алып, екі құлағымыз екі езуімізде.

— Ертең менің әкем келеді.

— Арғы күн сенің көкең келеді.

— Ал оның арғы күні... Самат сенің, — деп тұра қап, өзара алдағы күндерді бөлісс бастаймыз. Балалық екен ғой. Көз ілеспей өтіп жатқан санауы жоқ көп күндер жетпей қалатындай, кейде балалар өзара өңештен таласып кел қаламыз. Күнде темір жол станциясы жаққа көз тігіп, алыстан бейтаныстау бір еудің төбесі қараң етсе, біріміздің пығымыздан біріміз тарта, жолы бірімізден біріміз оза, аяғымыз жерге тимей,

қуаныштан жүрегіміз жарыла, зымыраймыз-ай кеп. Осылайша қанша күн сол жаққа екі көзім төрт болып қарамадым? Қаншама рет сол жаққа өкпемді қолыма алып, жолды-жолсыз жалаң аяқ, жалаң бас жүгірмедім...

Бірақ менің әкем ертең де, бүгінгі де, тіпті одан арғы күні де, келмей-ақ қойды-ау! Сөйтіп, қашан келер екен, қайдан келер екен деп үміттенсе қуанып жүрген күндердің бірінде біздің үйге пошташы атай күтпеген қаралы хабар әкелді. Сол хабар біздің бүкіл үй ішіміздегі жандардың көңілін жаралап, көшкен жұрттай құлазытып кетті. Оған да, міне, ондаған жылдар тізбегі өтіп барады. Жарты ғұмыр десе болғандай. Анау-мынау жан жарасы жазылар мерзім. Бірақ біз аяулы әкеміздің бейнесін әлі ұмыта алар емеспіз. Қайта сағыныш сезімі жүректі тербей түседі. Сүйікті әкеге деген әркімде болар ықылас, балалық бал махаббат осынау уақыт өткен сайын өршіп, өрби беретін тәрізді. Осылай әке есімін көңіл көгінде, жүрек төрінде мәңгі сақтап ардақтанғанымызбен оның шын мәнінде қандай адам және кім болғандығы жайлы оның ұрпағы біздің білетініміз аз екен. Тек, ағайып-туғандардан, әкемнің өзіңіз сияқты үзенгі қағыстырып қатар жүрген қызметтес жора-жолдастарынан естігенімізді көңілге тоқып, ойға түйіп келеміз. Солардың естелік әңгімелері ғана жан әкеміздің жарқын бейнесін, жайсаң мінезін көз алдымызға елестетеді.

— Сенің әкең аңқылдаған ақ көңіл, ақын жанды тамаша адам еді,— дейді олардың бірі.

— Ысқақ байсалды да, парасатты, он саусағынан өнері тамған нағыз өнерпаз еді,— деп еске алады екіншісі.

— Әкең Ысқақ жасық емес, жанып тұрған өнерлі, өркенді жан еді ғой. Сен де соған тартып туған болармысың. Өнерің бар екен,— дейді үшіншісі.

Олардың қай-қайсының да осылайша айтар сөзінің түп төркіні «Ысқақ ерте есейген азамат еді. Табиғи таланты ерте танылып, өнер көгінде көзге ұрған еді. Ол қолға алған ісіне әрқашан жауапкершілікпен қарайтын. Өнер үшін туғандай еді»,— деп ортақ тұжырым, бір түйінге саяды. Дәл осындай ол кісі жайлы жылы лебіз білдірген естелік әңгімелерге қарай отырып, біз, әкеміз жайлы оның таза, елге сыйлы, қайырымды болғандығына байлам жасаймыз. Ал мұндай-мұндай әкеміз жайлы көтерме сөздерді жұрт аузынан естіген сайын біздің жүрегімізге мақтаныш сезімі оянады.

Өмір деген қым-қуыт қызық дүние ғой. Кей-кейде жұмбақтай болып көрінетін жайлармен де кездессіңіз. Мәселен, сол сұрапыл жылдарда от кешуде өлді деп қара қағаз келген адамдардың кейіннен арада біраз жыл өтіп, өздері келген қуанышты күндерді де көрдік. Сондай кездерде, мүмкін біздің әкеміз де бір күні келіп, үй ішіміз шексіз бақытқа кенелер деп алдағы күндерден жақсылық тілейтінбіз. Бірақ ол, тек біздің үзілмейтін сағынышты үмітіміз ғана екен. Ендігі жерде жан әкеміздің майданда опат болғандығына күмәніміз қалмады.

Бірақ ол қандай ұрыста, қалай қаза болды? Біз үшін ең ардақты адамның денесі туған Отанның қай жерінің торғын топырағын жамылып жатыр? Әке қабірі қайда? Міне, осындай сұрақтар біздің жүрегі-

мізді мазалай берді. Әкеміз болған жерлердегі отты жылдардың архивін ақтара бастадық. Қазіргі көзі тірі деген майдандастарына өзіміздің өтінішімізді білдірдік. Бәрі де біздің сағыныш сазын аңғартқан тілегімізді, ұрпақ аманатын арқалаған сұрауымызды жауапсыз қалдырған жоқ. Ақыры әкеміз жерленген қасиетті Россия жерінің төбесін анықтадық. Бізге бұл деректі табуға жергілікті соғыс комиссариаты көмектесті. Осы нақты дерек, дәлді хабар бізді бір күні алыс сапарға алып шықты. Ұлы жеңістің 30 жылдығы мерекесі күндерінде әкеміздің денесі қойылған бауырластар қабіріне бас иіп, гүл шоқтарын қойып қайттық. Оның мәңгі өлмес рухымен оның қабірінің басында тұрып, үнсіз тілдестік. Аяулы әке көре алмаған ұлы Жеңіс тойын оның қаны тамған жерде тойладық. Отты жылдардағы әкелер жүріп өткен жорық жолдарын көзімізбен көріп, еңсесі биік еліміздің таңғажайып ерлігін тағы да еске түсірдік. Иә, біздің бұл сапарымыз тек әкеге ғана емес, оның қарулас достарына, бауырластарына, Ұлы Отан соғысында елі үшін құрбан болған жүздеген ерлерге көрсеткен құрмет, ұрпақ парызындай болды...

Осылай біз, әкеміздің қаза болған жерінде болып, естен кетпес әсер алып, туған елге оралдық. Біз онда мәңгі естен кетпес сәттердің куәсі болдық. Достық пен туыскандықтың сәулетті символын көріп сүйсіндік. Жаумен жалғаса жүріп, мезгілсіз мерт болғандарға арналған үлкен халық құрметін көріп, елде бүгінде ұранға айналған: «Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды!»— деген қуатты сөздің куәгері болып қайттық. Олардың қабірінің басындағы ақ мәрмәрден жасалған қып-қызыл бес жұлдыздың бетінде: «Бессмертен твой подвиг, вечная слава тебе, Советский солдат!»— деген жазу жарқырап тұр...

Ол орнынан тұрып, келесі бөлмеден арнайы сақталған толық папка әкеліп алдыма қойды. Мен оны ақтара отырып, осынау әңгіме болып отырған жалынды жауынгер жайлы біраз сырға қанықтым.

Ердің етегімен су кешер шағы туып, Ысқақ ел қорғауға аттанар күні алыс жолға шығарған көпшілік ішінде оған:

Көзін жаулығының ұшымен сұрткен анасының етегінен қос қолдап ұстаған үрпек бас төрт балапаны жәутендей қарап: «Көке қайда барасың, қашан келесің енді?!»— деп еді. Қайсар азамат көз жасын сыққан жан жары Дәмешке де, мына сары ауыз үрпек-шүрпек балаларына да сыр бермей, еңсесін биік ұстап:

— Е, құлындарым, амандық болса әлі-ақ келемін, жыламаңдар. Кешікпеймін. Қарап тұрыңдаршы, мына, ағаштар көктемде жасыл желек оранғанда сөзсіз келемін. Аз күте тұрыңдар...— деп балапан бүлдіршіндерін кезек-кезек құшағына ал аймалап, кезек-кезек маңдайларынан піскеп сүйіп, содан соң өзі белгісіз жакқа кете барды.

Уақыт шіркін кіммен санасқан. Содан бері тасқынды судай ағып, көптеген жылдар артта қалды. Содан бері, тек олардың есігінің алдындағы ғана емес, әлемдегі басқа да бау-бақшалар талай рет бүршік жарып, көктем сайын көктеді. Тек, келем деген сүйікті әке келген жоқ. Иә, сол көктемде келем деп еді-ау! Бірақ оралмады қайтадан. Оның есесіне ол өз көктемін мына ұрпағына сыйлап кеткендей. Ысқақ қалдырған балауса бұтақтар бүгінде жайқала өсіп, өркен жайып барады. Жұбайы Дәмеш ыстық-суықты басынан өткере жүріп, тәрбиелеген әке

өмірінің жалғасы мына — Мүнира Құрманғазы атындағы өнер институты, Мәлік Алматы хореографиялық училищесін, ал Болат Ленинград хореографиялық училищесін бітіріп, әке мұрасын жалғастыра еңбек етіп жүр...

Иә, ол алғашқы комсомол түлегі еді. Комсомол. Дәуіріміздің басында туған айбынды бұл асқақ сөз кезінде жарқырап жанып, лаулап өткен сонау жылдардағы мыңдардың ерлігі мен еңбегіне толы тағдырлары арқылы жалпақ әлемге танылды. Оқпенен, отпенен суарылып, шыңдала жүріп, өмірге нық бекіп, мәңгілік қуатты рухтың қайнар көзі болып қалды. Комсомол сондықтан да, аға ұрпақ біздің ұғымымызда адамның азаматтығын танытар қасиетті сөзге айналған еді. Ол жай сөз емес, жүректе ғажайып сүйіспеншілік пен қызығушылық тудыратын таңғажайып тағдырлар, қарапайым қайсар адамдар, шоқтығы биік бейнелер ретінде көз алдымызға келеді. Егер кең байтақ еліміздің дәулеті мен сәулеті қатар дамып, бүгінде гүлстан өлкеге айналып отырса, ол сөз жоқ осынау абзал азаматтардың тегеурінді қолынан туындаған таңғажайып игіліктер. Ендеше, қазір арамызда жоқ сол азаматтардың асқаралы рухы алдында басымызды неміз.